

Балгожина Майгүл Егеубайқызының 6D030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін жазған «Қазақстан Республикасында рецидив қылмыстылықты ескертудің концептуалдық негіздері» деп аталатын тақырыптағы диссертациялық зерттеу жұмысына

ПІКІР

Рецидив қылмыстылықтың алдын алу мемлекет пен қоғамның маңызды, әрі перспективті әлеуметтік мақсаттарының бірі. Рецидив қылмыстылықты ескерту қашан болмасын мемлекет пен қоғам тарапынан аса маңызды әлеуметтік міндет ретінде қарастырылып келеді. Қазір қазақстандық қоғам қылмыстылыққа әлеуметтік-құқықтық әсер етудің оңтайлы моделін белсенді түрде іздестіруде. Жаңа қылмыстық заңнаманың қабылдануы да осы мақсатқа қол жеткізудің бір жолы. Бұл өзгерістердің қылмыстық, қылмыстық – атқару құқығы ғылымы салаларына бір қатар тың жаңалықтар әкелгені анық. Қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес рецидив институтының қылмыстық-құқықтық құрылымы да едәуір өзгерістерге ұшырап, рецидив кезінде жаза тағайындау ережелері алынып тасталды. Бұл өзгерістердің барлығы «Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат» тұжырымдамасына сәйкес келеді. Осы негізде практика мен теорияда рецидив қылмыс ұғымы мен оның түрлерін топтастырудың әлеуметтік-құқықтық параметрлерін белгілеу бойынша сұрақтар жеткілікті деп санаймын. Сондықтан М. Е. Балгожинаның зерттеу жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасындағы өзекті әлеуметтік – құқықтық мәселелер қатарына жатады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері нақты, әрі дәл белгіленіп, диссертацияның мазмұнына сәйкес келеді. Жұмыс құрылымы да жүйелілік қағидатына негізделіп, жоспарға сәйкес егжей-тегжейлі, дәлелді, заң тұрғысынан сауатты, әрі қисынды түрде ашылған.

Зерттеудің әдіснамалық негізін әлеуметтік-құқықтық үдерістер мен құбылыстарды танудың жалпы ғылыми және жеке диалектикалық таным әдісі, сонымен қатар оған негізделген тарихи, әлеуметтік, логикалық, салыстырмалы-құқықтық, құжаттамалық, статистикалық, сауалнамалық формальды-заңдық талдаудың жалпы ғылыми және жеке әдістері құрайды.

М.Е. Балгожинаның диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы рецидив қылмыстылықтың алдын алу және постпенитенциарлық әлеуметтік бейімдеудің заңнамалық концептуалдық негіздерін жаңа қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамалары аясында талдануымен, тың ұсыныстар жасауымен айқындалып, зерттеу аяқталған монографиялық жұмысты білдіреді.

Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен қорғауға шығарылған тұжырымдар қылмыстық құқық, қылмыстық – атқару құқығы теорияларын және криминологияны дамытуға үлес қосады деп санаймыз. Зерттеудің практикалық мәні зерттеу материалдары бойынша жасалған қорытындылар мен ұсыныстарды рецидив қылмыстылықтың алдын алу бойынша жаза орындау мекемелерінің, постпенитенциарлық әлеуметтік бейімдеуге қатысы бар өзге де субъектілердің

қызметін жетілдіруге, сондай-ақ қылмыстық құқықты, қылмыстық-атқару құқығын, криминологияны оқытуда пайдалануға үлес қосуымен айқындалмақ.

Зерттеу жұмысын жазу барысында диссертант өзін еңбеккер, әрі қабілетті зерттеуші, қылмыстық құқық және криминология теориясы мен практикасы үшін маңызы бар мәселелерді көре білетін және оны шешу жолын таба білетін көреген ізденуші ретінде көрсете білді. Ол өзі зерттеген мәселе бойынша өзіндік жаңалығы мен бірегей ерекшелігі бар бағыт таңдап, кең ауқымдағы эмпирикалық материалдарға талдау жасаған.

Кез келген шығармашылық жұмыс сияқты М.Е. Балгожинаның зерттеуінде ғылыми ортада пікірталас тудыруы мүмкін тұжырымдар мен қорытындылар бар. Бұл ең алдымен заңшығарушының қылмыстар рецидивінің қылмыстық – құқықтық құрылымын ізгілендіру саясаты негізінде өзгертуіне байланысты деп ойлаймын. Бір зерттеушілер қылмыстар рецидиві құрылымы ережелерінің ізгілендірілуіне көңілдері толмаса, басқа бір қатар зерттеушілер оған қолдау көрсететіндіктерін жасырмайды. Біз бұл мәселенің оң немесе терістігін уақыт еншісіне қалтыра отырып, тақырыпқа қатысты ойлардың әртүрлі болуы бұл мәселенің ғалымдар арасында теориялық және тәжірибелік қызығушылық тудыратындығын және тиісті мәселелерді талқылау арқылы оны зерттеу бойынша жаңа бағыттарды анықтау мүмкіндігін беретіндігін айтқымыз келеді.

Диссертацияның негізгі теориялық және тәжірибелік мәні бар нәтижелері автордың халықаралық ғылыми–тәжірибелік конференцияларында шыққан 5 мақаласында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдарда жарық көрген 4 мақаласында және Scopus компаниясының деректер базасына кіретін рейтингісі SJR_2013:0,110 тең халықаралық ғылыми журналда жарық көрген 1 мақаласында көрініс тапқан. Сондай-ақ, зерттеу жұмысы нәтижелерінің оқу үдерісі мен практикада қолдануға енгізілуі туралы актілері де жеткілікті деп санаймын.

Осы айтылғандар негізінде, Майгүл Егеубайқызы Балгожинаның «Қазақстан Республикасында рецидив қылмыстылықты ескертудің концептуалдық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Ғылыми дәрежелер беру Ережесінің барлық талаптарына сәйкес келеді, жұмыста қылмыстық құқық пен криминология ғылымдарын жетілдіру үшін маңызы бар міндеттерді шешу орын алған деп санап, диссертант 6D030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайық деген қорытынды жасаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:

Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов

атындағы Қарағанды академиясы

бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасары,

заң ғылымдарының докторы, профессор,

полиция полковнигі



З.С.Тоқыбаев